

Нұрмұханбетова Р.Н.

ҚАЗАҚСТАНЫҢ ҚАУЫМДЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ІСТЕРІ ТЕК ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҒАНА БАҒЫТТАЛҒАН

Нурмуханбетова Р.Н.

МЕДИЦИНСКИЕ РАБОТЫ В КАЗАХСТАНЕ НАПРАВЛЕННЫ ТОЛЬКО НА БЛАГО НАСЕЛЕНИЯ

Общественное здоровье Казахстана направлено на организацию профилактических и лечебных мероприятий и имеет своей целью охрану здоровья, сохранение трудоспособности и долголетие его граждан.

Public health of Kazakhstan is directed on the organization of preventive and medical actions and has the purpose health protection, preservation of work capacity and longevity of his(its) citizens.

Алғашқы байлық – денсаулық дегендей, қай кезеңде де басты байлық – халық денсаулығы. Дәрігерлік – демографиялық көрсеткіш-термен сипатталатын халық денсаулығының жағдайы – кез келген елдің дамуының өркениеттілік даму деңгейін айқындайтын, әлеуметтік пен экономикалық жағдайларының кепілдікті негізі бола алады.

Кеңестік кезеңнен кейінгі еліміз тәуелсіздік алғалы бергі он сегіз жыл уақыт өте шықты. Халқымыздың өмірінде және соның ішіндегі қауымдық денсаулық сақтау істерінде де көптеген өзгерістер мен жетістіктер болып жатыр. Өзгерістер жалпы денсаулық сақтау саласын да әсерін тигізіп жатыр деуге болады. Әсіресе, жүйкені зақымдайтын ішімдік заттарын қолданудың негізінде 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылы жүз мың адамға есептегенде 12 пайызға өскені байқалады. Бұл пайыз мөлшері жүйкені зақымдайтын ішімдік заттарын алғашқы қолданғандардың арасында анықталған себептер қатарына жатады [1].

Халық арасында аурудың алдын алу арқылы денсаулықты нығайту шаралары қарқынды ұйымдастырылуда. Атап айтқанда туберкулез ауруының алдын алу, нашақорлық пен ішімдікке салынып кетпес үшін тұрақты түрде тренингілер, дебаттар, акциялар өткізіліп тұрады. Онда аурудың қандай салдарлары болатынын және одан қалай сақтану керектігі толығымен айтылады. Сонымен қатар бейне материалдар көрсетіледі.

Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру мәселелерінің жалпы жұмыс бағыты әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу шараларын іске асыру бағытында жұмыс істейтін болғандықтан, ең басты мақсат халық арасындағы үгіт-насихат жұмысын жақсы жүргізу болып саналады. Балалар мен жасөспі-

рімдер және үлкендер арасында әңгімелесу, көрнекі түрде плакаттар мен кітапшалар таратумен қатар арнайы тақырыптарда дәрістер де өткізіледі.

Халық арасында қаншалықты жиі шығып, әлеуметтік маңызы бар туберкулез, туа біткен және жүре пайда болған жүрек ақаулары, нашақорлық пен ішімдік, жүре пайда болған иммунитет жетіспеушілігі ауруларының алдын алу шараларын жеткілікті тұрғыда дәріс беріп тұрудың маңызы зор және айтайлықтай сапасы болатындығын осы бағытта жұмыс істеп жүрген мамандар растап отыр. Себебі сондай дәрістен кейін адамдар арасында түсінбеген сұрақтарын қайта-қайта тәпшітеп жатқан адамдар саны көбеюде.

Жас-өспірімдер арасында ішімдік пен нашақорлықтың көбейіп кетуіне бірден-бір себеп мектеп жасындағы балаларға арналған әр-салалы әр-тақырыпты кружоктардың, спорт секцияларының, лагерьлердің және аула алаңдарының мүлде жоқтығы.

Кеңестер уақытында сегізжылдық және онжылдық мектепті бітірген жастар мен жас-өспірімдер жоғарғы білім алатын оқу орнына оқуға түсе алмаған жағдайда Ауылдық және Мемлекеттік көп профилдік-техникалық училищелерге (СПТУ және ГПТУ) барып арнайы орта мамандықта білім ала алатын, мектеп балаларына арналған лагерьлер жұмыс істейтін. Осы лагерьлерге әр-тоқсан аяқталған сайын да жіберуге болатын орындар болған. Осындай жағдайлар жас-өспірімдер мен жастардың бос уақыттарын текке өткізбей, басқалай денсаулыққа зияны бар заттармен айналысуларына мүмкіндіктер берілмейтін. Осындай ұйымдастыру шараларының әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алуға өте зор әсерін тигізетін. Қазіргі уақытта бұның бәрі тек сөз ретінде ғана жүргізіліп жатыр. Соның негізінде әлеуметтік маңызы бар аурулардың азаюы мүмкін болмай тұр.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» демей ме? Ауылды жердегі тұрғылықты адамдар біздің алтын бесігіміз және әлеуметтік байлығымыз. Ауылды жерлердегі ауыл-село-лардың бір-бірінен алшақ орналасуы, тұрғындардың ақпараттық алмасуларына кедергі

тигізетіні сөзсіз түсінікті. Сол кезде радио мен теледидар арқылы ақпарат алулары арқылы көптеген аурулардың алдын алатын шараларды естіп немесе көріп білулеріне болады. Әрине, қазіргі уақыттан он жеті жыл бұрынғы уақытпен салыстыратын болсақ, қазіргі уақытта құдайға-шүкір әжептеуір алға жылжығандық бар. Ауылда - жарықта бар, радио мен көгілдір экрандарымен күндегілікті хабарды тыңдап, біліп тұрады. Дегенмен де ауылдағы жастар мен жас-өспірімдер арасында салауатты өмір салты туралы мәселерді әлі де болса жақсартуды қажет екендігі сезіліп тұрады [2].

Салауатты өмір сүруді жақсы дамыту үшін осы мәселемен айналысатын арнайы мамандармен қатар жергілікті милиция, мектеп, діни ұйымдар және ата-аналарымен бірігіп жұмыс істеу керек сияқты. Соған қоса халықтың әлеуметтік тұрмыс-жағдайын жақсартуға тиісі бар барлық мекемелердің де мамандарымен бірігіп жұмыс жүргізу керектігі қазіргі уақыттың талабы болып тұрғаны анықталуда.

Халықтың әлеуметтік тұрмыс-жағдайы тек сол халықтың мемлекетінің ғана тарапынан көрсетілетін көмек арқылы ғана жөнделсе салмай бүкіл дүниежүзілік қауымдастық болып күресу керек екендігін дәлелдеп жатыр. Осы жолда әсіресе Қазақстанмен шекаралас жатқан туыстас және достық қатынастағы Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және Қытай мемлекеттерімен бірігіп жүргізіп жатқан нашаны өткізбеу, ал ішімдік заттарының сапасыздықтарына тексеру жүргізу жұмыстары ашық түрде көгілдір экраннан көрсетіліп және радиомен хабар беріліп жататындығы оң нәтижесін берер деген ниеттеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Салауатты өмір сүру мәселелерін қалыптастыру Ұлттық орталығының жылдық есеп беру материалынан, Алматы қаласы, 2008 жыл.
2. Нұрмұханбетова Р.Н., Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының дамуы, 2006 ж., 300 бет.